

«НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ» ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ

НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАҒАЛАУ СТРАТЕГИЯСЫ

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы
Академиялық кеңесінің шешімімен бекітілген
2016 жылғы 30.03 № 2 хаттама



Астана
2016 жыл

1. Кіріспе

1. Бағалау – бұл Назарбаев Университеті (бұдан әрі – Университет) студенттерінің білім алу тәжірибесінің маңызды компоненті. Осы стратегияның шеңберінде бағалау курстық жұмысты, емтихандарды, топтық жұмысты, таныстырылымдарды, диссертациялар мен жобаларды қоса алғанда, алайда олармен ғана шектелмей, іс-шаралардың кең спектрін қамтиды. Стратегия формативті, сол сияқты қорытынды бағалауды, басқаша айтқанда – оқыту үшін бағалау мен оқытудың өзін бағалауды қамтиды.

2. Бағалау мақсаттары

2. Университетте бағалаудың негізгі мақсаты студенттерге өз зияткерлік әлеуетін дамытуға және көрсетуге мүмкіндік беруде. Бағалау студенттерге өз үлгерімін талдауға және тиісті курстар мен бағдарламалар бойынша үздік оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті стандарттарға сәйкестік деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Мүдделі талаптарға Университеттің осы бағыттағы қызметі дәйекті екеніне көз жеткізуге мүмкіндік беріледі және тиісті баға немесе академиялық дәреже беру үшін сенімді де анық негіздеме береді.

3. Университет мынаны:

1) студенттердің пән бойынша жоспарланған оқу нәтижелеріне қатысты олардың үлгерімін, білімі мен дағдыларын әділ де нақты анықтауды қамтамасыз ету;

2) студенттерге, олардың білім алуына және болашақ еңбек қызметіне дайындалуына көмектесетін мүлтіксіз бағалау арқылы, өз мүмкіндіктерін көрсетуіне жәрдемдесу;

3) студенттерді көтермелеу, оқу процесіне ынталандыру және тарту;

4) студенттерге уактылы және сындарлы кері байланысты ұсыну жолымен, олардың дамуында көмек көрсету үшін бағалауды жүргізеді.

4. Университет бағалаудың сараланған және түпмәтінді болуы тиістігін мойындайды. Сондықтан да оқытушы-профессорлар құрамының бакалавриат және жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламаларда бағалаудың ерекше және алуан түрлі әдістерін пайдалануы көзделеді.

3. Бағалау қағидаттары

5. Бағалау шынайы да нақты болуы тиіс:

1) бағалау дәл және бірнеше рет болуы тиіс. Анықтау, бағалау және жекелеген жағдайларда тапсырмаларды реттеу үшін айқын және дәйекті процестерді қолдану қажет;

2) бағалаудың сенімділігіне кепілдік беру үшін тиісті рәсімдер қабылдануы тиіс;

3) бағалау әдістері арқылы Мектептер ең төменгі нәтижелерге және академиялық адалдық қағидаттарының бұзылу мүмкіндігіне кедергі жасайтынына кепілдік беруге тиіс.

6. Бағалау туралы ақпарат айқын әрі қолжетімді болуы тиіс:

1) студенттерге әрбір тапсырма бойынша бағалар және бағалау критерийлері туралы уақтылы, түсінікті, дәл және ашық ақпарат беріледі де, бұл ақпарат барлық мүдделі тараптарға қолжетімді болады.

7. Бағалау бағдарламалар мен курстардың мақсаттары мен нәтижелеріне сәйкес болады:

1) бағаланатын тапсырмалар студенттерге әмбебап дағдылары мен мүмкіндіктерінің (мысалы, сыни ойлау, коммуникативтік дағдылары) біртұтас аясын, сондай-ақ тиісті пән бойынша білімі мен түсінігін дамытуға мүмкіндік беретініне кепілдік беруі тиіс;

2) бағаланатын тапсырмалар мен тиісті бағалау критерийлері студенттерге оқу нәтижелері мен Университет түлегі атрибуттарына қол жеткізуін өлшеудің тиімді құралы болып, білім беру және оқыту қызметіне сәйкес келуі тиіс;

3) бағаланатын тапсырмалардың көлемі мен ауқымы курсты және/немесе тапсырмаларды оқытудың нәтижелеріне сай келуі тиіс, ал тапсырмаларды жоспарлау студенттерге артық жүктеме берілуінің алдын алып, олардың үлгерімі туралы сенімді де нақты мәліметтер береді;

4) бағалау рәсімдері сыртқы шолу арқылы халықаралық стандарттарға сәйкес сыни тұрғыда қаралуы тиіс.

8. Бағалау инклюзивті, әділ және шынайы болуы тиіс:

1) инклюзивті және әділ бағалау үшін тапсырмалар барлық оқушыларға жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін тең мүмкіндіктерді беруі тиіс;

2) мүмкіндігінше, нақты тәсілдер мен материалдар пайдаланылатын бағалау әдістері (болашақ еңбек қызметінде қолданылуы мүмкін әдістер мен материалдар) қолданылуы тиіс.

9. Формативті және қорытынды бағалау әрбір бағдарламаға/курсқа енгізілуі тиіс:

1) бағаланатын тапсырмалар студентке түсініктеме беру мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс;

2) формативті және қорытынды бағалау тиісінше бағалау мақсаттарына жетуді қамтамасыз ету үшін бағдарламаға/курсқа енгізілуі тиіс.

3) оқытушы студенттерге электронды түрде бағаланатын тапсырмаларды беруге және жұмыстың түпнұсқалығын тексеретін бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалануға мүмкіндік бере алады.

10. Кері байланыс бағалау процесінің ажырамас бөлігі болуы тиіс:

1) студенттерге формативті, сол сияқты қорытынды бағалау шеңберіндегі сияқты орындалған тапсырмаларға түсініктемелер берілуі тиіс. Студенттерге әрбір бағаланатын тапсырма үшін берілетін түсініктемелердің сипаты, көлемі мен уақыты туралы алдын ала хабарланады;

2) студенттерге арналған түсініктемелер нақты тұжырымдалып, күтілетін оқу нәтижелеріне сәйкес келуі тиіс;

3) студенттер қысқа уақыт аралығында сындарлы түсініктемелер мен белгілер/бағалар алуға тиіс. Оқытушы студенттерге олар түсініктемені қашан алатыны туралы ақпарат беруге және қажет болған жағдайда бұдан әрі болмауы және оның себептері туралы хабарлауға тиіс. Мұндай кері байланыс көптеген жағдайларда ең көп дегенде 15 жұмыс күні ішінде берілуі тиіс.

11. Бағалау әділ және ашық болуы тиіс:

1) бағалау әрбір курс үшін белгіленген бағаларды/белгілерді қою критерийлері пайдаланылып, сондай-ақ білімді бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету үшін қайта бағалау әдісі қолданылып, әділ жүзеге асырылуы тиіс;

2) процестің әділдігіне және ашықтығына кепілдік беру үшін студенттерде бағалау нәтижелері бойынша апелляцияға беру мүмкіндігі болуы тиіс.

12. Бағалау рәсімдері тұрақты түрде қайта қаралуы тиіс. Мектептер студенттер мен сыртқы шолушылардың пікірлерін қоса алғанда, бағалау практикасын тұрақты түрде қайта қарауды жүргізуге тиіс.

4. Іске асыру

13. Мектептердің бағдарламаларын жыл сайынғы мониторингтеу және сапаны арттыру жөніндегі жоспарларын әзірлеу бөлігі ретіндегі бағалау әдістері озық практиканы анықтап және тарата отырып, қайта қаралуы және үздіксіз жақсартылуы тиіс. Осы Стратегияны іске асыру мақсатында мектептің оқыту және білім беру мәселелері жөніндегі комитеттері бағалаудың төменде келтірілген салаларына ерекше көңіл бөлулері тиіс. Бұл ретте, іс-шараларды имплементациялау барысында семинарларды ұйымдастыру және оқытушыларға арналған құжаттаманы ұсыну немесе Университеттің тиісті кәсіптік құзыретке ие оқытушылары мен әкімшілік персоналының семинарлар өткізу қажеттіліктерін ескерген жөн:

1) оқытудың, білім беру мен бағалаудың арасындағы сәйкестікті жақсарту;

2) барлық оқу бағдарламалары мен курстары бойынша бағаланатын тапсырмалардың, оның ішінде уақыты мен көлемінің үйлесімділігіне қол жеткізу;

3) студенттерге берілетін түсініктемелерді жақсарту;

4) бағалаудың стратегиялық тәсілдерін әзірлеу;

5) Университет мектептерінде бағалаудың тиімді практикасын айқындау және тарату;

6) бағалаудың дәлдігі мен дәйектілігін қамтамасыз ететін процестер мен рәсімдерді жақсарту;

7) бағалаудың дұрыстығы мен әртүрлілігін арттыру;

- 8) студенттерге берілетін бағалауға байланысты ақпаратты қамтитын бағдарламалардың директорлары үшін үлгілерді әзірлеу;
- 9) бағалау рәсімдеріне байланысты ақпаратты студенттерге беру үшін электрондық ақпараттық жүйелерді пайдалану;
- 10) академиялық тәртіпті бұзу мүмкіндігін төмендететін бағалау әдістерін енгізу;
- 11) электрондық бағалау әдістерін және студенттерге түсініктеме берудің технологиялық жақсартылған жүйесін (кері байланыс) бұдан әрі әзірлеу;
- 12) бағалау практикасы туралы мәселелерді оқу процесін жақсарту бойынша студенттерге түсініктеме беру тетіктеріне енгізу (мысалы, оқу аяқталғаннан кейін курс студенттерін бағалау).

5. Қорытынды

14. Назарбаев Университетінің бағалау стратегиясы бағалаудың дұрыстығы, сенімділігі мен айқындылығы, әртүрлі және ынталандыратын, бағаланатын тапсырмалардың оқудың күтілетін нәтижелеріне сәйкестігі қағидаттарына негізделеді. Осы қағидаттарды қолдану Университет беретін дәрежелердің тексерілген рәсімдер мен халықаралық стандарттарға сәйкестігіне кепілдік беруі мүмкін.

6. Өзара байланысты құжаттар

15. Университетте оқыту және білім беру стратегиясы
16. Университет түлектерінің атрибуттары
17. Turnitin бағдарламасын пайдалану жөніндегі нұсқаулық

7. Консультация беру процесі

18. Жоғары білім беру мектебі
19. Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебі
20. Оқыту және білім беру мәселелері жөніндегі комитет
21. Академиялық сапаны бақылаудың басшысы
22. Білім беру технологиялары бағытының басшысы

8. Стратегияны бақылауды жүзеге асыру

23. НУ Оқыту және білім беру мәселелері жөніндегі комитеті

9. Стратегияның циклі


24. Стратегия 2016 жылдың наурызында қабылданды.
25. Алғашқы қайта қарау 2017 жылдың наурызында.

APPROVAL SHEET/ КЕЛЕСУ ПАРАҒЫ/ ЛИСТ СОГЛАСОВАНИЯ

“NAZARBAYEV UNIVERSITY” ASSESSMENT STRATEGY

“НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТИНІҢ” БАҒАЛАУ СТРАТЕГИЯСЫ

СТРАТЕГИЯ ОЦЕНИВАНИЯ “НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТА”

Item/ Атауы/ Наименование	Structural subdivision/ Құрылымдық бөлімшенің атауы/ Наименование структурного подразделения	Name and signature of a responsible person/ Т.А.Ж., жауапты тұлғаның қолы / Ф.И.О., подпись ответственного лица	Date/Дата
Мемлекеттік тілге аудару/ Перевод на гос. язык/ Translation into state language	Іс қағаздарын жүргізу және аударма қызметі басқармасы/Управление делопроизводства и переводческих услуг/ Department of Translation and Documentation Management	 Elmessybek Y. Z.	15/04/2016

Орынд./Исп./Ехес. Елімбетова Д. А. 70-90-45